

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ЖИЪАД ДЕГЕН НЕ?

Алматы, 2011

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
САРАПТАУ КОМИССИЯСЫ МАҚҰЛДАҒАН

Жиһад дегеніміз не? - Алматы:

«Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. - 20 бет

Кітапшада Исламдағы жиһад ұғымының мән-жайы жан-жақты түсіндіріледі.

Кітапша қалың оқырманға арналған.

ЖИҒАД ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Жиһад» сөзі араб тілінде белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайрат пен ынта-жігерді жұмсау, тырысу, күресу деген мағыналарды білдіреді.

Жиһад ұғымының аясы өте ауқымды. Бүгінгі таңда көптеген адамдар жиһадты қару алып соғысу деп біржақты түсінеді. Әрине, мұндай түсінік жиһадтың мағынасын шектейді. Құранда «жиһад» сөзі 35 жерде аталғанымен, төрт жерде ғана тікелей соғыс мағынасында келген. Құранда соғыс ұғымы «харб», «мухарабә», «мағрака», «қитал» терминдерімен білдірілген. Бірақ, жиһад сөзі соғысты да қамтығандықтан, көпшілік «жиһад» делінген кезде тікелей соғысты түсінеді.

Жиһад – адамға Алла тағаланы тану үшін жол ашу дегенді білдіреді. Жаратушыны тануға сауатсыздық, кедейшілік, ерік-ойға, санаға жасалған шектеулер кедергі келтірсе, солармен күресу үшін атқарылатын барлық іс-шара жиһад болып есептеледі.

Алла разылығы үшін істелген әрбір іс-әрекет «жиһад» болып саналады. Қандай да болсын қиын жағдайларға қарамастан, күн сайын үздіксіз бес уақыт намаз оқу, кейде ми қайнатар аптап ыстықта ораза ұстау, Алла тағаланы халыққа таныту үшін істелген әрбір іс, қоғамдағы кейбір керітартпа келеңсіздіктерді түзету үшін атқарылған үлкенді-кішілі барлық шара исламдағы жиһад ұғымының аясына кіреді.

Жиһад – ең әуелі өзінді түзету. Ішкі дүниенді, жүрегінді тазарту. Болмысыңды қызғаншақтық, қанағатсыздық, сабырсыздық, жалқаулық, тәкаппарлық секілді күллі жаман қасиеттерден арылтып, олардың орнын көркем қасиеттер егу. Қысқасы, мұсылманның өз нәпсімен үздіксіз күресі. Себебі, әуелі өз басын түзете алмаған адам, нәпсісін жеңіп, кемел адам болу жолына түспеген жан өзгені қалай тура жолға шақырмақ?!

Сыртқы күрестен бұрын ішкі күресті қолға алудың маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Себебі, адам өзінде жоқ нәрсені басқаға қалай бермек? Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бірде соғыстан шаршап-шалдығып келе жатқан сахабаларына

رَجَعْنَا مِنَ الْجِهَادِ الْأَصْغَرِ إِلَى الْجِهَادِ الْأَكْبَرِ، قَالُوا: وَمَا
الْجِهَادُ الْأَكْبَرُ؟ قَالَ مُجَاهَدَةُ الْعَبْدِ هَوَاهُ

«Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық», – деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулуллаһ, «үлкен жиһад» деген не?»¹, – деп таңғала сауал қойды.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *«Ол – өз нәпсіңмен күрес»,* – деп қысқа да нұсқа жауап қайырды. Міне, көрдіңіз бе! Неге? Өйткені, нәпсімен күрес қолға қару алып дұшпанмен соғысқаннан да қиын. Олай дейтініміз, сыртқы дұшпанның кім екені, қайда екені, қашанға дейін болатындығы белгілі. Сондықтан, онымен күресу оңай. Ал нәпсің болса, олай емес. Ол сенің ішінде. Қай жақтан, қалай келіп айласын асыратыны да белгісіз. Оның дұшпандығы белгілі бір уақытпен шектелмейді, әрдайым сенімен бірге. Міне, сондықтан

¹ Ажлуни, Кәшфул Хафа, I, 45.

пайғамбарымыз сыртқы дұшпанмен күресті «*кіші жиһадқа*» теңеп, нәпсімен күресті «*үлкен жиһадқа*» балаған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) басқа бір хадисінде: «*Нағыз жиһад жасаушы кісі – өзінің нәпсісімен күресуші*»,– деп нәпсімен күрестің маңыздылығын тағы бір рет айшықтай түскен.

Жиһад ұғымы адамнан адамға, қоғамнан қоғамға, жағдайдан жағдайға қарай түрленіп отырады. Бір дәрігердің өз саласында кәсіби деңгейге қол жеткізу үшін тынбай талпынуы мен ізденуі, экономика маманының мұсылмандардың әлеуметтік жағдайларының түзелуі үшін жұмсаған қажыр-қайраты, мұғалімнің сапалы білім беруі – мұның бәрі жиһадқа жатады. Бүгінгі таңдағы дағдарысқа қарсы еңсеру барысында жасалып жатқан шаралар да жиһадқа жатады. Мұсылмандардың керекті қаржыны тірнектеп жинап, өздеріне мешіт, медресе тұрғызуы; қалталы азаматтардың жоқ-жітіктерге көмектесіп, жетім-жесірлерге қарайласқан істері де Хақ жолындағы күреске – жиһадқа жатады.

Еліміздің кейбір ауылдарында тілсіз апаттардан жапа шеккен жандарға көмек беріп оларға қол ұшын созу да жиһадқа жатады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде: «*Жесірлер мен міскіндер үшін жұмыс істеуші кісі дін жолында жиһад жасаушы адамға тең*»² дейді.

Кейде нағыз сұранып тұрған тұста бір ғана кесімді сөз айту да, сөз кері әсер етер сәтте сабыр сақтап, үндемеу де жиһадқа саналады. Тіпті, кейде қажеттілігіне қарай тек қабағыңды шыту яки күлімсіреудің де жиһадқа саналуы ғажап емес.

² Бухари,

Қысқасы, істелетін әрбір істің Хақтың разылығына қарай реттелуіне жиһад делінеді.

Жиһад мәжбүр жағдайда қарумен де болады. Барлық дипломатиялық байланыстар нәтижесіз аяқталып, келіссөздерден толықтай үміт үзілген шақта отанды қорғау үшін қолға қару алып, жиһад жасауға болады.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дәуіріндегі жиһадқа, яғни мұсылмандардың Хақ жолындағы күрестеріне назар аударсақ, жоғарыда айтылған жиһадтың барлық түріне куә боламыз.

Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарлығының алғашқы үш жылында исламды жасырын насихаттады. Мұсылмандардың бұл кезеңдегі жиһадтары дұшпандардың көзіне түспестен, пайғамбарымызбен жасырын түрде кездесіп тұруы болатын.

Пайғамбарлықтың төртінші жылынан бастап, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) елді жаңа дінге жария түрде шақыра бастады. Осы кезде Мекке мүшіріктері иман етіп, жаңа дінге кірген ат төбеліндей аз ғана мұсылмандарды келеке, мазақ етіп, саналуан қиыншылықтарға душар етті. Осы кезеңдегі мұсылмандарға тиесілі жиһад – мүшіріктердің жан шыдатпас азаптарына сабыр етіп, жаңа дінді насихаттауды тоқтатпау болатын. Әз сахабалар мұны ең керемет түрде атқара алды.

Мүшіріктердің жан түршігерлік азабына душар болған кейбір мұсылмандарға пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Эфиопия еліне көшуді бұйырды. Жағфар және басқа да онымен бірге барған бірқатар сахабалар Эфиопия патшасы Нәжашиға жаңа дінді жеткізіп, оның иманға келуіне себеп болды. Осылайша бұл көш жай ғана көш емес, Жағфар сынды сахабалардың үлесіне тиген сол кездегі дін жолындағы жиһадтың нағыз өзі болатын.

Мүшіріктер мұсылмандарды азаптаптауда жаңа

бір айлаға көшті. Мұсылмандарды өзге халықтан бөлектеп, сауда-саттық секілді жалпы адами қатынастардың барлығына тыйым салып, оларды қоғамнан оқшаулап, саяси-экономикалық блокада жариялады. Тоз-тоз болып, аш-жалаңаш күй кешкен мұсылмандар бұл қиын заматта да сабыр сақтап, ұстанған жаңа діндерін тастамастан, өздеріне жасалған зұлымдықтарға табандылық танытты. Осындай қиын кезеңде Хадиша анамыз қолындағы бар дүниесін мұсылмандарға үлестіру арқылы өзіне тиесілі жиһад міндетін атқара білді. Исламнан бұрын Меккенің санаулы байларының санатына жататын Хадиша анамыз бар байлығын Хақ жолына жұмсағандықтан, өзі қайтыс болған кезде ақыреттік кебініне бір орам бөз де бұйырмаған еді.

Және сол қиын кезеңдерде Әбу Бәкір өз үйінде Құран оқитын. Бірақ Құранды ішкі бөлмелерінде емес, ел жүретін жаққа қарайтын сыртқы бөлмеде оқитын. Көшеден ары-бері өткен адамдар Әбу Бәкірдің тебіреніп оқыған Құранына құлақ түре бастады. Кейбірі көп өтпей мұсылмандықты қабылдап жатты. Міне, Әбу Бәкір қиын заманда өзінің бір ғана Құран оқуымен де жиһадты тамаша атқарды.

Күн санапазғындықта шектен шыққан мүшріктердің азабына шыдай алмайтындай жағдайға жеткен кезде, ғибадаттарын еркін атқарып, жаңа дінді өзгелерге жеткізудің уайымымен мұсылмандар Меккедегі туған жерлерін, бар дүние-мүлік, туған-туыстарын тастап, Мәдина қаласына һижрат етті (көшті). Мұсылмандардың Мәдинаға келгеніне екі жылдай уақыт өткен аралықта Мекке мүшріктері олардың Меккеде қалған бар мал-мүліктерін талан-таражға салып, өртейтінін өртеп, құртатынын құртты. Қалған дүниелерін үлкен керуендермен Шамға, Сирияға

сатуға жіберді. Мұсылмандар бұлардың бәрінен хабардар еді. Енді олар Мәдина қаласының маңайынан өтіп бара жатқан мүшіріктердің керуенінен өздерінің мал-мүліктерін қайтарып алуды ниет етті. Алайда Меккедегі мүшіріктер бұдан хабардар болып, мұсылмандарға қарсы үлкен әскер жіберді. Яғни, мұсылмандардың ниеттері соғыс емес, өздерінің талан-таражға түскен дүниелерін қайтарып алу болатын. Бірақ мүшіріктер соғысты қалады. Алла тағала осыдан кейін ғана мұсылмандардың рухын көтеріп, әлсіздерге, қорғансыздарға пана болу мақсатында, күн санап қиянат жасауда шектен шыққан кәпірлердің шама-шарқын көздеріне көрсету үшін соғысқа алғашқы рет мына аят арқылы рұқсат берді.

أذنَ لِلَّذِينَ يُقَاتِلُونَ بِأَنَّهُمْ ظَلَمُوا وَإِنَّ اللَّهَ عَلَىٰ نَصْرِهِمْ لَقَدِيرٌ.
الَّذِينَ أُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بِغَيْرِ حَقٍّ إِلَّا أَنْ يَقُولُوا رَبُّنَا اللَّهُ

«Өздеріне қарсы соғысашылған мұсылмандарға (мүшіріктермен) соғысуға рұқсат берілді. Өйткені олар зұлымдыққа ұшырап, жәбір көрді. Әлбетте, Алла тағала оларға жәрдем беруге толық күші жетеді. Олар ешбір себепсіз тек «Раббымыз – Алла» дегендері үшін отандарынан қудаланды...»³.

Яғни өздеріне ешбір себепсіз зұлымдық жасап, саналуан қиыншылықтарға душар етіп, елінен-жерінен кетуге мәжбүрлеп, мал-мүліктерін талан-таражға салған адамдарға қарсы соғысуға тек он бес жылдан кейін ғана рұқсат етілді.

Исламда негізгі ұстаным – бейбітшілік. Бұл туралы Алла тағала былай дейді:

فَإِنْ اعْتَرَفْتُمْ بِالْإِيمَانِ وَالْقَوْلِ السَّلَامِ فَمَا جَعَلَ اللَّهُ

³ «Хажжаж» сүресі, 39-аяттар.

لَكُمْ عَلَيْهِمْ سَبِيلاً

«Егер олар сендерден аулақ тұрса әрі сендермен соғыспаса, тіпті сендермен бейбіт тұруды ұсынса, онда Алла тағала сендердің оларға шабуыл жасауларыңа ешқандай жол бермеді»⁴.

Алла тағала өзге дін өкілдерімен бейбіт ғұмыр кешуді былай қойғанда, мұсылмандардың оларға жақсылық әрі әділдік танытуларына рұқсат берген.

لَا يَنْهَاكُمُ اللَّهُ عَنِ الَّذِينَ لَمْ يُقَاتِلُوكُمْ فِي الدِّينِ وَلَمْ يُخْرِجُوكُمْ
مِنْ دِيَارِكُمْ أَنْ تَبَرُّوهُمْ وَتُقْسِطُوا إِلَيْهِمْ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُقْسِطِينَ

«Дін турасында сендермен соғыспаған, әрі сендерді өз отандарыңнан қуып шығар-маған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла тағала қарсы емес. Өйткені Алла тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді»⁵.

Соғыс – дипломатиялық жолдар түгелдей іске аспаған жағдайларда ғана амалсыз барылатын ақырғы шара. Ал бейбітшілікке, келісімге қайтадан мүмкіншілік туған жерде соғысқа жол жоқ. Яғни қарсы жақ соғысты тоқтатып, келіссөз сұраса, мұсылмандар да соғысты тоқтатып, келіссөзге жүгінулері абзал.

وَإِنْ جَنَحُوا لِلسَّلْمِ فَاجْنَحْ لَهَا

«Егер олар келіссөзге, бейбітшілікке (ниет білдірсе) жақындаса, сен де жақында»⁶.

⁴ «Ниса» сүресі, 90-аят.

⁵ «Мумтахина» сүресі, 7-аят.

⁶ «Анфал» сүресі, 61-аят.

Исламда қарулы соғысқа тек мынандай жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

Қорғану мақсатында. Шабуыл жасаған жауға қарсы соғысу. Құранда:

وَقَاتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ الَّذِينَ يُقَاتِلُونَكُمْ وَلَا تَعْتَدُوا إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Сендермен соғысқандарға қарсы сендер де Алла жолында соғысыңдар. Бірақ шектен шықпандар. Алла тағала шектен шыққандарды жақсы көрмейді»⁷, – делінеді.

Өзіңе шабуыл жасайтыны нақты анықталған дұшпанға соғыс тактикасы бойынша бірінші болып шабуыл жасауға рұқсат етіледі. 2 мақсатта: жазалау және түрлі зұлымдықтарға жол бермеу мақсатында.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) барлық соғыстарына көз жүгіртсек, тек жоғарыда айтылған осы себептерге ғана сүйенгеніне куә боламыз. Яғни соғыс тек Алланың разылығы үшін Оның рұқсат еткен жағдайларында ғана болуға тиіс.

Жай кезді былай қойғанда, соғыс жағдайында да Ислам озбырлық әрекеттерге жол бермейді. Айталық, соғыста әйелдерді, жасбалаларды, соғысқа қатыспаған қарт кісілер мен ешкіммен шаруасы жоқ монахтарды өлтіруге қатаң тыйым салды. Өсіп тұрған ағаштар мен егін алқаптарын өртеуге, түйе, сиыр сияқты малдарды өлтіруге, әр түрлі өзге діннің ғибадатханаларын қиратуға жол бермеді. Дұшпан әскерлерінің өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кесуге де қатаң тыйым салды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына мынан-

⁷ «Бақара» сүресі, 190-аят.

дай ескертулер жасады: *«Алланың атымен жолға шығыңдар. Алла жолында күресіңдер. Соғысатын адамдарыңмен араларыңда келісімдер бар болса, оны қадағалаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүслә» (өлі денелерін тілгілеп, көздерін ойып, мұрындарын кеспеңдер) жасамандар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханалардағы адамдарды өлтірмеңдер»*⁸.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тіпті өзіне қарсы соғысып жатқандарды лағынеттеуі былай тұрсын, оларға: *«Иә, Алла тағалам, олар Сенің құлдарың, біз де Сенің құлдарыңбыз...»*, *«Иә, Аллам, олар білмейді, Сен оларды кешіре гөр!»* деген сияқты игі тілекте болған. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаянының атақты жазушысы Қади Мұхаммед Сүлеймен әл-Мансұрдың *«Сирату рахматан лил-аламин»* атты кітабындағы келтірген дерек бойынша һижри жыл санауымен II-IX жылдар аралығында болған барлық соғыстарда дұшпан әрі мұсылман қатарынан бар болғаны 1018 кісінің ғана көз жұмғаны төңірегіндегі мәліметтерді ескерер болсақ, соғыс деп әй-шәй жоқ қыра берудің де дұрыс емес екендігін аңғарамыз. Ал 1914-1918 жылы болған бірінші дүниежүзілік соғыста 21 миллион адам жараланып, олардың 7 миллионы өмірмен қош айтысқаны белгілі.

Жоғарыда айтылғандай, соғыс – дауды бейбіт жағдайда шешудің еш мүмкіндігі қалмағанда ғана баратын соңғы жол. Рұқсат етілген бұл соғыстың өзін жекелеген адамдар, яки белгілі бір топ бұйрық беріп бастата алмайды. Соғысқа қатысу не қатыспауды шешетін, *«жиһад!»* деп аттан салатын, *«соғысыңдар!»* деп бұйрық беретін тек қана мемлекет

⁸ Ахмед ибн Ханбәл, Муснәд, 1/300. әбу Дәуид, Жиһад, 82.

болуы тиіс. Әйтпесе, кез келген соғысқұмар адамның ашқан соғысы жиһадқа жатпайды.

Әлемде болып жатқан лаңкестік әрекеттермен исламның ешқандай байланысы жоқ. Ислам сөзі «бейбітшілік, амандық, есендік» деген мағынаға саяды. Ислам діні – жер бетінде бейбітшілік пен тыныштықты» орнату үшін жіберілген Құдайлық соңғы дін. Міне, сондықтан әр мұсылман, тіпті, сәлем бергеннің өзінде халжағдай сұрап емес, «бейбітшілік пен тыныштықты тілейді. Мұсылмандардың сәлемдесуде айтатын «*әссәламуәлейкум*» сөзі «*сендерге Алланың бейбітшілігі мен есендігі, тыныштығы болсын!*» деген мағынаны білдіреді. «Ислам», «сәлем», «мұсылман» сөздерінің барлығының түбірі бір. Яғни бейбітшілік пен тыныштықтың мағынасын қамтитын сөздер. Ислам бейбітшілікті уағыздайтын дін болса, мұсылман баласы сол бейбітшілікті өзінің отырып-тұруында, сәлемі мен сөйлеуінде, өзгелермен қарым-қатынасында, қысқасы, әрбір іс-әрекетінде іс жүзінде көрсетуші тұлға болмақ.

مَنْ قَتَلَ نَفْسًا بِغَيْرِ نَفْسٍ أَوْ فَسَادٍ فِي الْأَرْضِ فَكَأَنَّمَا قَتَلَ
النَّاسَ جَمِيعًا

«Бейкүнә бір адамды өлтірсе немесе жер бетінде бұзақылық қылса – күллі адамзатты өлтіргендей болады»⁹. Бұл ереже қасиетті Құранда айтылған. Олай болса, қаншама бейкүнә адамның, періштедей бүлдіршін сәбилердің жанын қиған лаңкестік әрекеттер исламға, Құранға, мұсылманшылыққа жата ма? Тіпті, адам өлтіру былай тұрсын, малды қорқытудың өзі Исламға қайшы. Сойылатын малдың

⁹ «Маида» сүресі, 32-аят.

көзінше пышағын қайраған сахабасына Аллатың соңғы елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) қатты кейіп: **«Сен малды неше рет өлтірмексің? Пышағыңды малды жатқызбас бұрын қайрамадың ба?»**¹⁰, – деп ескерту жасаса, басқа бір хадисінде: **«Қаруды қалжыңдап болса да өзгеге кезенбе!»** деп, адамды өлтіру былай тұрсын, өзгенің көңіліне аз да болса үрей салудың өзі исламға, шынайы мұсылманға жат әрекет екенін түсіндірген.

Беліне түрлі жарылғыш байлап, өзгелердің жанын қию үшін өзіне де қол жұмсаған жанкештілер өздерін **«шейітпіз»** деп есептейді. Шейіттік мәртебе бейкүнә жандарды өлтірумен келетін оңай нәрсе емес.

Өз-өзіңді өлтіру – исламда үлкен күнә. Құранда:

وَلَا تَقْتُلُوا أَنْفُسَكُمْ

«Өздеріңе өздерің қол жұмсамандар!»¹¹ делінген.

Біз дінімізді қасиетті кітап Құраннан, әрі оны түсіндіруші соңғы пайғамбар Мұхаммедтен (с.ғ.с.) үйренеміз. Ал енді осы мұсылманшылық қағидаларының қайнар көзі саналған Құран мен Пайғамбарымыздың өмірінде өзіне қол жұмсап, бейкүнә жандарды қыру бар ма? Тіпті, соғыс жағдайында да соғысқа қатыспаған адамдарды өлтіру – дінімізде харам саналып жатса, жай уақытта күнде құбылмалы саяси ойындар үшін жүздеген бейбіт жатқан күнәсіз жандардың жанын қиюдың қандай ауыр күнә екені айтпаса да түсінікті.

Қоғамның пайдасы үшін болса да, исламда қандай да бір адамның құқы аяқ асты етілмейді. Бір

¹⁰ әл-Мустадрак алас-сахихайн лил-Хаким, 17-том, 422-бет.

¹¹ «Ниса» сүресі, 29-аят.

ғана адамның құқы – жалпы қоғамның құқындай қымбат.

Исламда мақсат қандай ұлы, таза болса, оған апаратын жолдар да сондай таза, ұлы болуы тиіс.

Лаңкестік әрекеттер арқылы ешбір қиындық қазірге дейін шешілмеді, мұнан кейін де шешілмек емес.

Барлық лаңкестік әрекеттер – ислам үшін жасалған күрес емес, керісінше, исламға қарсы жасалған қиянат.

Кейінгі кезде Ислам мен лаңкестіктің бірге аталуы – тырнақ астынан кір іздейтін ислам дұшпандары үшін таптырмайтын олжа болды. Сондықтан қандай қиын жағдайға душар болса да исламның, мұсылманшылықтың атына кір келтіретін лаңкестік әрекеттерден мұсылмандар аулақ болуы керек. Себебі, белгілі бір жағдайлар, дағдарыстар мен саяси ойындар күнде өзгереді. Ал діннің ұстаным, ереже-қағидалары мәңгілік. Өтпелі жағдайлармен діннің атына кір келтіруге болмайды.

Қазіргі таңда болып жатқан барлық жарылыс, лаңкестік әрекеттерді ислам дініне жабу кең етек алды. Алайда солардың барлығын істеп жатқан мұсылмандар ма? Бұған «иә» деп жауап беру, әрине, қиын. Мұсылмандықты бет-перде етіп, лаңкестік әрекеттерге барып жатқандар кімдер? Кей жағдайда олардың қатарында соғыстарда әке-шешесінен, туған-туыстарынан айырылған, немесе басқа да рухани күйзелістерге түскен адамдар да болады. Ондай адамдар ішкі ыза-кек пен күйіктің салдарынан барлық іске баруы мүмкін. Мұндай адамдар психологиялық тұрғыдан алғанда діннің рұқсат етпеген нәрселерін де жасауға бейім тұрады. Өздерінің істеріне шарифаттан әлсіз болса да негіз іздей бастайды. Не болмаса, кейбіреулердің ойыншығына айналып, бопсалау

тұзағына іліккен мұсылмансымақ адамдар. Бұған қоса, әлдебір мұсылманның атын жамылған ұйымдар саяси мақсаттары үшін шала сауатты кейбір дүмбілез зомбилерді арнайы дайындап, Құрандағы кейбір аяттардың бас-аяғын қырқып монтаждап, істейтін істерін ақ көрсетіп, лаңкестік әрекеттерге айдап салуы да мүмкін.

Бүгінде кейбір арнайы дәрілерді ішкен адамдардың өлімнен де қорықпай, өз жандарын қиып та жіберетіндігі белгілі болды. Мысалы, Шриланка аралында өсетін бір шөптің жойылуы үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO) 110 миллион қаржы бөлді. Бұл шөпті жеген жастарда өлімнен қорқу сезімі жоғалып, өздеріне оп-оңай қол жұмсайды екен. Тіпті «*Lsd*» атты дәріні белгілі бір адамға арнайы лагерлерде күнде тамағына қосып беру арқылы миындағы өзіндік ойларын өшіріп, орнына қалаған пікіріңді құйғаннан кейін «*ecstasy*» секілді химикаттар арқылы 8-10 сағат бойы оған кез келген лаңкестік әрекеттерді орындатуға болады. Мұндай дәрілер арқылы өлімнен қорқу деген сезімі өшірілген, тіпті өлімді аңсайтын мәңгүрт адамдар арқылы кез келген лаңкестік әрекеттерді жүзеге асыруға болады.

Осындай жолдардың түрлі-түрлісімен жасалып жатқан лаңкестік әрекеттерді Ислам дініне жауып, оны «лаңкесшіл дін» етіп көрсету – оған жасалған тарихта бұрын-соңды болмаған ауыр қиянат. Лаңкестіктің діні, ұлты болмайды. Жапонияның Токио қаласындағы метрода бірқатар адамның өліміне себеп болған «*Аум Сенрике*» сектасының жасаған лаңкестік әрекетін ешкім «*Будда лаңкестігі*» деген жоқ қой. 2000-2004 жылдар аралығында болған Испанияның Мадрид қаласында орын алған бірнеше лаңкестік әрекеттерді «Христиан лаңкестігі» деп

тірі жан айыптаған жоқ. Ендеше, мұсылманның атын жамылған кейбір лаңшыл адамдардың жасаған бұлдіру әрекеттерін бейбітшілікті уағыздайтын Ислам дініне жабудың ешқандай негізі жоқ. Бұл тек күн санап көркейіп, өсіп келе жатқан дінімізге жаны қас дұшпандардың жапқан жаласы мен жаққан күйесі ғана.

Құрандағы:

وَأَقْتُلُوهُمْ حَيْثُ ثَقِفْتُمُوهُمْ

«Оларды (мүшіріктерді) қайда көрсендер сол жерде өлтіріңдер»¹² деген аятты лаңкестер өз істеріне ақтау ретінде қолдана алмайды. Себебі, бұл аят соғыстың қызып тұрған кезінде қолына қару алып, мұсылмандарды өлтіру ниетімен соғыс майданына шыққан дұшпан әскерін «сендер де өлтіріңдер» деген мағынаны білдіреді. Ол бейбіт жатқан кезкелген өзге діндегілерді «қайда көрсендер, сол жерде өлтіріңдер!» деген сөз емес. Исламда мұсылман өлкесінде тұратын өзге дін өкілдерін өлтіру былай тұрсын, оларға мұсылман болмағанын желеу етіп, титтей де болса әділетсіздік жасау дұрыс емес.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде:

مَنْ أَدَّى ذِمِّيًّا فَأَنَا خَصْمُهُ وَ مَنْ كُنْتُ خَصْمَهُ أَحْسِبُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

«Кім де кім бір зиммига (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері) қиыншылық көрсететін болса, мен ол адамның дұшпанымын. Ал мен кімнің дұшпаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін», – делінген.

¹² «Бақара» сүресі, 191-аят.

Басқа бір хадисте: **«Кімде кім біздің қарамағыздағы зиммиді өлтірсе, жәннаттың исін де сезбейді»**,— деп келісім бойынша мұсылман өлкесінде тұрып жатқан басқа дін өкілін өлтірген адамның жәннаттан мақұрым қалатындығын білдірген. Міне, дініміздің осы кеңшілігінің арқасында ғасырлар бойы мұсылман елдерінде христиандар бейбіт ғұмыр кешуде. Олардың діни рәсімдері мен жеке істеріне мұсылмандар араласпаған. Оларға пікір және сенім бостандығы берілген. Қазірге дейін Мысыр, Түркия, Сирия сияқты мұсылман мемлекеттерінде мыңдаған шіркеулер мешіттермен қатар терезелері тең тұр. Бұл исламның дінімізді қабылдамаған өзге дін өкілдеріне жасаған төзімділік көзқарасының айқын көрінісі. Исламда мұсылманшылықты қабылдамағаны үшін адам өлтіру деген ұғым жоқ. Исламға әркім өз еркімен саналы түрде кіруі тиіс. Алла тағала Құранда бұл туралы:

لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ

«Дінде зорлық жоқ»¹³ деп кесіп айтады. Ғасырлар бойы мұсылмандардың Құранның осы бір өміршең қағидасынан айнымағанына тарих куә. Бұл ақиқатты батыстың өзі мойындайтындығына айғақ ретінде С.Арнольдтың мына сөздерін келтірейік: «Мұсылмандардың христиандарды жеңгеннен кейінгі жасаған төзімділік қарым-қатынастары ауыз толтырып айтуға тұрарлық жайт. Олардың бұл қарым-қатынастары кейінгі ұрпақтарда да жалғасын тапты. Шындығын айтар болсақ, христиан тайпа-

¹³ «Бақара» сүресі, 256-аят.

лары кейіннен исламға кірген уақытта өздерінің дербес ерік-қалауларымен кірген еді. Бүгінге дейін мұсылмандардың арасында христиандардың ғұмыр кешуі – олардың осы төзімділік әрекеттерінің айқын көрінісі». Мысырдағы мұсылмандардың жеңісіне куә болған Никоу епископы Джон (694 жылдарында өмір сүрген) мұсылмандардың сол кездегі қолбасшысы Амр ибн Астың өзге дін өкілдеріне көрсеткен құрметін былай деп тілге тиек етеді: «Ол шіркеулерден еш нәрсе алмады. Талан-таражға салмады. Тіпті, шіркеулердің мүлкіне қол тигізбеді де».

Осы сияқты тарихи дәлелдер кейбіреулердің айтқанындай, исламның жер жүзіне қылыштың жүзімен емес, айдай анық ақиқаттары мен оны ұстанушы мұсылмандардың адамгершілігі мен төзімділік ұстанымдарының арқасында жайылғандығын білдірсе керек.

Мұсылмандар ғасырлар бойы қол астындағы өзге дін өкілдерін алаламастан оларға жақсылық жасап, қошемет көрсеткені соншалық – Рим императоры Сирияны қайтадан қайтарып алуға қалың әскер жинап келе жатқанда, сол жердегі христиандар шіркеулерге жиналып, мұсылмандар үшін қол жайып тілек тілеп, мінәжат еткен. Егер мұсылмандар қол астындағы өзге дін өкілдеріне қысастық жасап, исламға кірулері үшін күштегенде, олар жалына-жалбарына осылай мұсылмандардың тілеуін тілер ме еді?

Қазіргі таңдағы ең үлкен жиһад – сауатсыздықпен күрес. Мұсылмандардың соңғы ғасырларда артта қалуларының, көптеген саяси ойындардың құрбанына айналуларының, экономикалық күйзеліске ұшырауының бірден-бір себебі – сауатсыздық,

парасаттың таяздылығы. Білім мен дін – бір-бірін толықтыратын егіз ұғым. Дінсіз ғылым ақсақ болса, ғылымсыз дін соқырға тең. Сондықтан мұсылмандар үшін ең қатерлі дұшпан – сауатсыздық, білім деңгейінің төмендігі, біліктіліктің аздығы, жаңа технологияны ойлап табуды былай қойғанның өзінде, өзгелердің технологиясын да сауатты қолдана алмаулары. Осының бәрі – мұсылмандардың дамымай артта қалуларының негізгі себептері. Ендеше, бүгінгі таңдағы жиһад қылыштан гөрі қаламға, сойылдан гөрі ғылымға сүйенбек.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде: *«Махшар күні соғыста аққан шейіт қаны мен ғылымға жұмсалған ғалымдардың сиясы таразыға тартылған сәтте ғалымдардың сиясы басым түседі»*, – делінеді.

Қазіргі өмір талабына сай озық құралдармен жабдықталған білім ордаларын ашып, ол жерде сауатты білім беру, үлкен зертханалар құрып, ғылыми жаңалықтар ашу, қысқасы, жүректері діни тағлыммен тәрбиеленген, ұлттық құндылықтармен нәрленген ақыл-ойлары қазіргі озық ғылыммен сусындаған еңсесі биік ұрпақ жетілдіру – қазіргі мұсылмандардың кезек күттірмей іске асыратын ең үлкен жиһады болмақ. Бұл жолда қолымыздағы бар мүмкіншілігімізді сарп етуі ләзім. Бай байлығын, мұғалім білімін, тәрбиеші тәлім-тәрбиесін берсе, лауазымды орындықта отырған кісілер де қолдарынан келген барлық қолдауларын көрсетсе, қысқасы, ел болып әркім өз үлесіне тиген міндетін, мүмкіншілігін Алла разылығы үшін атқарса, сонда ғана мұсылмандар өз қиындықтарын сауатты шеше алады. Әлдебіреулердің

саяси ойыншығы болудан, пікір бодандығынан, экономикалық тәуелділіктен құтылады. Сонда ғана мұсылман әлемі күшейіп, әлемдегі барлық озбырлық әрекеттер мен әділетсіздіктерге батыл қарсы тұра алады. Сонда ғана мұсылман әлемі мемлекеттер арасындағы тепе-теңділіктің сақталуына, әлемде бейбітшіліктің орнығуына тарихтағы орны толмас өз үлестерін тағы да көрсете алмақ.